

ҚР ДСМ «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

күк. Гвардейский

«*df*» *malloz* 2023 ж.

Кіріспе бөлім

ҚР ДСМ «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген, «"Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» талаптарына сәйкес жүргізілді (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын).

Кәсіпорын бас директорының м.а. 2023 жылғы 26 маусымдағы № 186-Ө бұйрығымен, комплаенс – офицер, Калижарова Динара Ерсенқызы, Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты етіп бекітілді.

Кәсіпорын қызметінің талданатын кезеңі: 2023 жылғы 01 қаңтар-2023 жылғы 26 маусым.

Үлгілік қағидалардың 11-тармағына сәйкес Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде, Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сипаттау бөлімі

Бірінші бағыт бойынша:

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде; Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Менімен, Кәсіпорынның қызметіне қатысты келесі құқықтық актілер зерттелді:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Кәсіпорынның ішкі құжаттары да зерттелді:

- Кәсіпорын Жарғысы;
- Ұжымдық шарт;
- Аттестаттау комиссиясы туралы ереже;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже;
- Бөлімдер мен зертханалар туралы ереже;
- қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары және т. б.

Бүгінгі таңда қолданыстағы заңнамада Кәсіпорынның қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне ықтимал тәуекелдер байқалмайды.

Кәсіпорынның ішкі құжаттарын әзірлеу және қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қолданыстағы ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу заңнаманың өзгеруіне қарай және тексеру мерзімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Ішкі талдау нәтижелері бойынша, Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі құжаттардағы құқықтық олқылықтар мен қақтығыстарды анықтаған жоқ.

Екінші бағыт бойынша:

Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі зерттелетін кезеңде, келесі қызмет бағыттары талданады.

1. Персоналды басқару.
2. Мүдделер қақтығысын реттеу.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру.
4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.
5. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.
6. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету.

1. Персоналды басқару

Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын 2023 жылғы 4 қаңтарда бас директормен бекітілген.

Кәсіпорында қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы ереже бекітілген. Кәсіпорын қызметкерлерін аттестаттау осы ереженің және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Аттестаттаудың мақсаты қызметкерлердің кәсіби қызметінің нәтижелерін бағалау негізінде олардың атқаратын лауазымдарына сәйкестігін растау және меритократия қағидатын сақтау болып табылады.

Талданып отырған кезеңде Кәсіпорын қызметкерлерінің штат саны 287 бірлікті, бала күтімі бойынша демалыста 26 бірлікті құрайды. Зерттелген кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты жағымсыз материалдар анықталған жоқ.

Талданып отырған кезеңде жұмысқа қабылданған 20 (жиырма) адамның саны, жұмыстан шығарылған 18 (он сегіз) адам, қызметкерлер Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабының 1) және 5) тармақтарына, 56-бабының 2-тармағына, 96-бабының 2-тармағына сәйкес жұмыстан шығарылған, лауазымдық төмендету орын алмаған.

Қызметкерлерді басқа лауазымға ауыстыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Персоналды басқару жөніндегі қызметті талдау нәтижелері бойынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықтаған жоқ. Қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі барлық рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі, Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық және өзге де әрекеттері үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылулары туралы ақпарат тіркелмеген.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Кәсіпорындағы мүдделер қақтығысын реттеу Кәсіпорынның бас директоры бекіткен ҚР ДСМ «БҚПҒЗИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат негізінде жүзеге асырылады.

Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысы туралы фактілері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша ішкі талдау нәтижелері бойынша тәуекелдер анықтаған жоқ.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру

Кәсіпорында кәсіпорынның бас директорына есеп беретін комплаенс-офицер тұлғасында комплаенс-қызметі жұмыс атқарады.

Кәсіпорынның бас директорымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша келесі құжаттама бекітілген:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық
- Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты
- Корпоративтік этика және мінез-құлық кодексі

Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізіледі.

Зерттелетін кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдауда, сыбайлас жемқорлық тақырыбына жататын жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түспеген.

Кәсіпорынның ресми сайтында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы бөлімі жасақталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру жөніндегі қызметті талдау нәтижелері бойынша тәуекелдер анықталған жоқ.

4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Кәсіпорынның 2022 жылғы қаржылық есептілігінің тәуелсіз аудитін «Russel Bedford A+ Partners» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы жүргізді. Қорытындыға сәйкес, қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Кәсіпорынның 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері жоғарыда көрсетілген

күнмен ақша қаражаттарының қозғалысын ХҚЕС-ке сәйкес екендігін көрсетеді.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және болу жөніндегі қызметті талдау нәтижелері бойынша тәуекелдер анықтаған жоқ.

5. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Кәсіпорын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарттар жасасу кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексің, Бюджет кодексін, «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Кәсіпорын жеке және заңды тұлғалармен жасасқан шарттарда шарттық міндеттемелер тиісінше орындалмаған жағдайда тұрақсыздық айыбын төлеу көзделген.

Айыпшұл сомасын азайту фактілері анықталған жоқ. Жасалған шарттардың талаптарын, оларды орындау кезеңінде түзетулер болмаған.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі жасалған шарттар бойынша контрагенттің өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы талап арыздар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес, Мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларын сақтай отыра, беріледі.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу жөніндегі қызметті талдау нәтижелері бойынша тәуекелдер анықтаған жоқ.

6. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету

Кәсіпорын қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықтаған жоқп.

Кәсіпорын мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

Кәсіпорын рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

Кәсіпорын бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.


Сыбайлас жемқорлық тақырыбына қатысты прокурорлық қадағалау актілері түскен жоқ.

Комплаенс-офицері



Д.Е. Калижарова

Бас директордың м.а.



О.В. Червякова